Қ А У Л Ы

2024 жылғы 18 қыркүйек №7199–24–00–4а/1124 Астана қаласы

Астана қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья М.Т. Касымова, судьялар Г.Т. Әбдірахманова, А.З.Каирбеков, прокурор А. Кыстаубаева, аудармашы Нурланова Г.Н., талап қоюшының өкілі Б.Е.Меліс, жауапкерлердің өкілдері: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі А.Е.Айбергенова, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі Д.М.Сегізбаева, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілдері А.М.Егенова, Баймагамбетов С.К., «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі» (бұдан әрі – Төтенше жағдайлар министрлігі) мемлекеттік мекемесінің өкілі М.М.Аманкулова, мүдделі тұлғалар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Қаржы министрлігі) өкілі К.Абенова, «TION-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «TION-KZ» ЖШС) өкілі Ш.Б.Муфтахтың қатысуымен,

Астана қалалық сотының ғимаратында, ашық сот отырысында Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2024 жылғы 29 шілдегі шешіміне талап қоюшының апелляциялық шағымен түскен талап қоюшы «АЕТЕС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «АЕТЕС» ЖШС) жауапкерлер «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекетік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Ішкі мемлекеттік аудит департаменті), «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Ішкі мемлекеттік аудит комитеті), «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Қазынашылық комитеті), «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Төтенше жағдайлар министрлігі) камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 2024 жылғы 21 мамырдағы №710000000-4-6-288722 хабарламаны «АЕТЕС» ЖШС-нің конкурстық арызын қайтару бөлігінде заңсыз деп тану, 2024 жылғы 21 маусымдағы қорытындылар туралы хаттаманы заңсыз деп танып күшін жою, 2024 жылғы 16 шілдедегі тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану туралы талап арызы бойынша әкімшілік (электрондық) істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы 2024 жылғы 21 мамырдағы № 710000000–4–6–288722 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламамен (бұдан әрі – даулы хабарлама) «АЕТЕС» ЖШС мемлекеттік сатып алу бойынша ашық конкурсқа қатысуға өтінімі жеткізілетін тауардың әрбір құрамдас бөлігі туралы ақпарат жеке көрсетілмеген деп конкурстық құжаттамаға қойылатын талаптарды сақтамау себебінен қабылданбағанына талаптарды негіздей отырып, осы талап қою арызбен жүгінген. Техникалық сипаттамаға сәйкес сатып алу нысанасы тереңдік сканері Эхолот талап қоюшы берген ақпарат бойынша оператордың мобильді жұмыс орнынан (ноутбук) және эхолаттан тұрады. Техникалық сипаттамада әрбір жиынтық бөлік туралы ақпаратты көрсету талап етілмеген.

Соттың 2024 жылғы 29 шілдедегі шешімімен талап қою арызы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Апелляциялық шағымда «АЕТЕС» ЖШС сот шешімінің күшін жоюды және талап қою арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруды сұрайды.

Апелляциялық шағымда көрсетілген негіздер бойынша сот шешімінің күшін жоюды сұраған талап қоюшының өкілін, апелляциялық шағымға қарсы пікірде көрсетілген негіздер бойынша сот шешімін өзгеріссіз қалдыруды сұраған жауапкердің өкілдерін, мүдделі тұлға «TION-KZ» ЖШС-нің, прокурордың сот актісінің заңдылығы туралы қорытындысын тыңдап, дәлелдемелерді зерттей келе, сот алқасы келесі қорытындыға келді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (будан әрі – ӘРПК) 1-бабының 3-бөлігіне, 168-бабының 1-бөлігіне сәйкес, егер осы Кодексте өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) ережелері қолданылады. Апелляциялық сатыдағы сотта апелляциялық шағым жасау мен әкімшілік іс жүргізу тәртібі Азаматтық процестік кодексінің қағидаларында айқындалады.

АПК-нің 427-бабының 1-тармағында апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жою не оны өзгерту негіздері көзделген.

Бірінші сатыдағы сот мұндай бұзушылықтарға жол бермеген.

2024 жылғы 5 наурызда мемлекеттік сатып алудың веб-порталында тапсырыс беруші Төтенше жағдайлар министрлігі үшін № 63034811-ОК1 лот бойынша «Лаг-эхолот» бірлік бағасы 20 535 714,28 теңге, 15 дана тауарды мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыру жарияланды.

2024 жылғы 25 сәуірдегі № 12206408 нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес № 63034811-ОК1 лоты бойынша «АЕТЕС» ЖШС жеңімпаз болып танылған, әлеуетті өнім беруші «Sensata plus» ЖШС екінші орынды иеленген.

Құжатқа қол қойылған: Абдрахманова Г. Т., 25.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Каирбеков А. З., 24.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Касымова М. Т., 23.09.2024
7199-24-3-1-2/1173

Конкурс аяқталғаннан кейін шағым беру сатысында «ADK Trade» ЖШС, «TION-KZ» ЖШС, «СитиСтрой2030» ЖШС, «Газтехнология» ЖШС шағымдар берген, оларды қарау нәтижелері бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті даулы хабарламаны шығарған.

Қазынашылық комитеті даулы хабарламамен келіспей, 2024 жылғы 28 мамырда Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылықтар жолдады, оған 2024 жылғы 14 маусымда № 12976 теріс қорытынды берілді.

2024 жылғы 21 маусымда № 12663560 қайта қарау нәтижелері туралы хаттамамен (бұдан әрі – даулы хаттама) № 63034811-ОК1 лоты бойынша «Газтехнология» ЖШС жеңімпаз деп танылды, «TION-KZ» ЖШС екінші орынды иеленді, ал «АЕТЕС» ЖШС өтінімі қабылданбады.

2024 жылғы 9 шілдеде «Газтехнология» ЖШС мемлекеттік сатып алу порталында шарт жасасу мерзімінің ұзаққа созылуы себебінен тауарды қажетті мерзімде жеткізу мүмкіндігінің болмауына байланысты шарт жасасудан бас тартты.

2024 жылғы 16 шілдеде тапсырыс беруші Төтенше жағдайлар министрлігі мен «Tion-KZ» ЖШС арасында №206-ОК тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты (бұдан әрі – даулы келісімшарт) жасалды.

Іс материалдарынан белгілі болғандай, даулы келісімшарт тараптары ол бойынша қабылданған міндеттемелерді орындай бастады, «Tion-KZ» ЖШС тауарларды жеткізуді бастады (екі қабылдау-тапсыру актісі бар), ал Төтенше жағдайлар министрлігі 44 352 000 теңге сомасында қабылданған тауарларға төлем жасады.

Жауапкерлердің әрекетіне дау айта отырып, талап қоюшы тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына сәйкес «Лаг-эхолот» тауары «дана» өлшем бірлігі ретінде сатып алынатынын, ал техникалық сипаттамада «жиынтық, «жинақтаушы», «жинақталған» сөздері жоқ екенін көрсетеді. Осыған байланысты ол Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (будан әрі – Қағидалар) 16-қосымшаның - ескертпесінің талаптары бұл жағдайда қолданылмайды деп есептейді және талап қоюшыға техникалық сипаттамада әрбір жинақтаушы өнім туралы ақпаратты жеке-жеке көрсету қажет емес.

Қағидалардың 238-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбау бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылмайды) конкурсқа жіберілмейді.

Қағидалардың 6-Қосымшасы 18-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық

Құжатқа қол қойылған: Абдрахманова Г. Т., 25.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Каирбеков А. З., 24.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Касымова М. Т., 23.09.2024
7199-24-3-1-2/1173

Құжатқа қол қойылған: Абдрахманова Г. Т., 25.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Каирбеков А. З., 24.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Касымова М. Т., 23.09.2024

стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті қамтиды. Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын, және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ-ға 13, 14, және 15-қосымшаларға, тауарлар үшін осы КҚ-ға 12-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша көрсетіледі.

Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Қағидаларға 16-қосымшаның 5-ескертпесіне сәйкес, егер конкурстың нысанасы жиынтықта тауарды сатып алу болып табылған жағдайда, әлеуетті өнім беруші техникалық ерекшелікте әрбір жинақтаушы тауар туралы ақпаратты жеке-жеке көрсетеді

Бекітілген техникалық сипаттамаларға сәйкес, сатып алу нысаны су астында іздестіру жұмыстарын жүргізуге арналған тереңдік сканері Эхолот болып табылады. Өнімнің бір бірлігі эхолоттан және оператордың мобильді жұмыс орнынан (ноутбук), эхолотты басқаруға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуден, сымсыз басқару джойстиктен, гидролокатордан, резервтік аккумулятордан тұрады.

Алайда, талап қоюшы конкурсқа қатысуға өтінімді толтырған кезде тек 2 жиынтық бөлік тереңдік сканері Эхолот пен ноутбукқа техникалық сипаттамаларын көрсетті: мәлімделген тауардың қалған жиынтық бөліктеріне техникалық сипаттамаларды ұсынбаған. Бұл ретте жиынтық бөліктер конкурстық құжаттамада көрсетілген, ал талап қоюшының тауар жиынтық бөліктерден тұрмайды деп пайымдауға негіз болмаған.

Осылайша, даулы хабарламада ішкі аудит департаменті анықтаған конкурстық құжаттаманы ұсыну кезінде «АЕТЕС» ЖШС бұзушылықтары орын алған, сондықтан сот ӘРПК 155-бабының 4-бөлігіне сүйене отырып, даулы хабарламаны заңсыз деп тану және даулы хаттаманың күшін жоюға негіздердің жоқтығы туралы дұрыс қорытындыға келді.

«АЕТЕС» ЖШС-нің даулы шартты жарамсыз деп тану туралы талап қоюы дауланып отырған хаттаманың заңсыздығына негізделгендіктен, оны жарамсыз деп тану туралы талап та қанағаттандырылмайды.

Белгіленген мән-жағдайларда бірінші сатыдағы соттың шешімі заңды және негізделген болып табылады, оның күшін жоюға не оны өзгертуге негіздер жоқ.

7199-24-3-1-2/1173

Апелляциялық шағымның уәждері соттың қорытындысын жоққа шығармайды, шығарылған сот актісіне апелляциялық тәртіппен өзгерістер енгізуге не оның күшін жоюға құқықтық негіздер жоқ.

ӘРПК-нің 168–бабын және ӘПК-нің 424-бабының 1-бөлігінің 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2024 жылғы 29 шілдегі шешімі өзгеріссіз, талап қоюшының апелляциялық шағымы – қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы кассациялық шағым жасаудың мерзімі өткен соң күшіне енеді.

Қаулыға әкімшілік процеске қатысушылар апелляциялық сатының түпкілікті нысандағы сот актісі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде шағым жасауға, ал прокурор кассациялық өтінішхаты қаулының түпкілікті нысандағы шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік–процестік кодексінің 169–бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына беруі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 441–бабы 5–бөлігіне сәйкес, сот актісіне дау айту туралы өтінішхатқа «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерде мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат қоса берілуге тиіс екендігі түсіндірілсін.

Төрағалық етуші **М.Касымова**

Судьялар **Г. Әбдірахманова**

А.Каирбеков

Құжатқа қол қойылған: Абдрахманова Г. Т., 25.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Каирбеков А. З., 24.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Касымова М. Т., 23.09.2024
7199-24-3-1-2/1173